

**«АҚЫЛ-ОЙЫ ЖӘНЕ ДЕНЕ БІТІМІ ДАМУЫНЫҢ
БҰЗЫЛУЛАРЫ БАР БАЛАЛАР МЕН
ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ КӘСІБИ-
ЕҢБЕКПЕН ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ**

адаптивті дене шынықтыру мұғалімдеріне, арнайы білім беру ұйымдарының (балабақшалар, оңалту орталықтары, арнайы мектептер, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері) дене шынықтыру мұғалімдеріне арналған

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған адаптивті дене шынықтыру»

мұғалім кадрларының біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	3
2. Глоссарий.....	4
3. Бағдарламаның тақырыптары.....	6
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері....	7
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	9
5.1. Бағдарламаның модульдік құрылымы	
5.1.1. Нормативтік-құқықтық модуль	
5.1.2. Психологиялық-педагогикалық модуль	
5.1.3. Мазмұндық модуль	
5.1.4. Технологиялық модуль	
5.1.5. Вариативтік модуль	
6. Оқу үдерісін ұйымдастыру.....	10
7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі.....	11
8. Оқу нәтижелерін бағалау.....	11
9. Курстан кейінгі қолдау.....	12

1. Жалпы ережелер

1. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарының «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған адаптивті дене шынықтыру» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) арнайы білім беру ұйымдарында, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымдарда, оңалту орталықтарында, арнайы (түзету) мектептерде және психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар балалармен түзете-дамыту және оңалту жұмыстарын жүзеге асыратын адаптивті дене шынықтыру мұғалімдері мен дене шынықтыру мұғалімдерінің біліктілігін арттыру курсының мазмұнын регламенттейді.

2. Бағдарламаны іске асырудың өзектілігі мен қажеттілігі Қазақстан Республикасында арнайы, кіріктірілген және инклюзивті білім беру жүйесінің дамуына, әртүрлі бұзылыстары бар балаларды кешенді оңалту мен түзетудің заманауи тәсілдерін енгізуге, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға көрсетілетін түзете-дамыту көмегінің сапасына қойылатын талаптардың артуына байланысты айқындалады.

Инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жағдайында әртүрлі бұзылыстары бар балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық және оңалту көмегін көрсетудің негізгі бағыттарының бірі ретінде адаптивті дене шынықтырудың рөлі арта түсуде.

Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясын және Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялай отырып, білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз ету, оқытудың арнайы жағдайларын жасау және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жеке қолдау көрсету қағидаттарын жүйелі түрде іске асырып келеді. Бұл өз кезегінде емдік және адаптивті дене шынықтырудың ғылыми негізделген әрі тиімді әдістерін қолдануды көздейді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңына, Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, тиісті типтер мен түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес, білім беру ұйымдарына дамуындағы бұзылыстарды түзетуге, функционалдық дербестікті қалыптастыруға және әртүрлі бұзылыстары бар балалардың әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау міндеті жүктеледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін адаптивті дене шынықтыру мұғалімдері мен дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби қиындықтары мен білім беру қажеттіліктерін талдау қимыл-қозғалыс функцияларын диагностикалау және түзету, жеке түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлеу, заманауи түзету технологияларын қолдану, Қызмет етудің халықаралық жіктемесін (ҚХЖ) пайдалану, сондай-ақ адаптивті дене шынықтыру залдарына арналған жабдықтарды іріктеу және қолдану

мәселелері бойынша жүйелі түрде біліктілікті арттырудың қажеттілігін айқындады.

Біліктілікті арттырудың аса өзекті бағыттары ретінде мамандар төмендегілерді атап көрсетеді:

- 1) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қозғалыс функцияларын тексеру және бағалау;
- 2) әртүрлі бұзылыстар кезіндегі қимыл-қозғалыс функцияларын түзету;
- 3) адаптивті дене шынықтырудың заманауи әдістерін қолдану;
- 4) адаптивті дене шынықтыру залдарындағы жабдықтарды пайдалану;
- 5) жеке түзете-дамыту бағдарламаларын жоспарлау және іске асыру.

3. Бағдарлама арнайы білім беру жүйесіндегі адаптивті дене шынықтыру мұғалімдері мен дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Ол адаптивті дене шынықтыру сабақтарын ұйымдастыру және өткізу, балалардағы қозғалыс бұзылыстарын диагностикалау және түзету, дараландырылған тәсілді іске асыру, сондай-ақ арнайы және инклюзивті білім беру жағдайында әртүрлі бұзылыстары бар балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету салаларын қамтиды.

2.Глоссарий

4. Курстың глоссарийі келесі негізгі ұғымдарды қамтиды:

ҰҒЫМ	ҰҒЫМНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ
АФК	адаптивті дене шынықтыру
Ерекше білім беруді (ЕББ) қажет ететін адамдар (балалар) (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар)
Кемтар бала (балалар) (Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының Заңы)	белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар)
Ерте араласу	ерте жастағы балалар мен олардың отбасыларына

	кешенді көмек көрсету жүйесін білдіретін халықаралық қауымдастықта қабылданған термин
Балалар мен олардың отбасыларына ерте қолдау көрсету	ерте жастағы балалардың дамуындағы қиындықтарды анықтауға, олардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін бағалауға, дене және психикалық дамуын қолдауға, балаларды табиғи өмірлік жағдайларға тартуға, құрдастар ортасына енгізуге және әлеуметтік ортаға кіріктіруге, сондай-ақ мақсатты топтағы балалардың отбасыларын қолдауға бағытталған түрлі іс-шаралар мен технологиялар жүйесі
Қозғалыс оңалтуын алудың арнайы жағдайы	ерекше қозғалыс қажеттіліктері бар балалардың қозғалыс дағдыларын меңгеруін қамтамасыз ету үшін қажетті жеке дамыту бағдарламалары мен оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын, сондай-ақ медициналық қызметтерді қамтитын жағдайлар жиынтығы
Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау (Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы)	білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау
Кешенді оңалту	баланың алуан түрлілігі мен әртүрлі қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қозғалыс дағдыларын жақсартуға бағытталған үздіксіз кешенді оңалту процесі.
Пәнаралық командалық және жеке бағалау (ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 жылғы № 385 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.04.2025 жылғы № 59 бұйрығымен енгізілген редакциясында)	Баланың психофизикалық дамуын бағалау, ерекше білім беру қажеттіліктерін айқындау, түзете-дамыту бағдарламасының негізгі бағыттарын белгілеу және арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді әдістерін таңдау мақсатында жүргізіледі
Ерте жастағы бала мен оның отбасымен жеке және топтық жұмысқа арналған арнайы	ерте жастағы балаларға және олардың отбасына көмек көрсету үшін әзірленген психологиялық-педагогикалық технологияның қағидаттары, әдістері мен әдістемелерінің жүйесі

бағдарламалар	
Емдік дене шынықтыру кабинеті	ерекше қозғалыс қажеттіліктері бар балалармен жеке және топтық сабақтар өткізуге, педагогтар мен ата-аналарға кеңес беруге арналған, арнайы жабдықталған үй-жай (емдік дене шынықтыру залы, бассейн)

Терминдердің өзектілігі арнайы және инклюзивті білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарға енгізілген соңғы өзгерістерге сәйкестігіне негізделеді.

3. Бағдарламаның тақырыптары

5. Біліктілікті арттыру бағдарламасының мазмұны келесі тақырыптық бөлімдерді қамтиды:

1-тақырып. Қазақстан Республикасында даму мүмкіндігі шектеулі балаларды кешенді оңалту;

2-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың клиникалық сипаттамасы;

3-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы;

4-тақырып. Әртүрлі бұзылыстар кезіндегі қозғалыс биомеханикасы;

5-тақырып. Балалардың қимыл-қозғалыс функцияларын тексеру;

6-тақырып. Әртүрлі қимыл-қозғалыс бұзылыстары кезіндегі қозғалыс функцияларын түзету;

7-тақырып. Даун синдромы бар балалардың қимыл-қозғалыс функцияларын түзету;

8-тақырып. Есту қабілеті бұзылған, психикалық дамуы тежелген балалардағы қозғалыс функцияларын түзету;

9-тақырып. Аутизм спектріндегі бұзылыстары бар балалардағы қозғалыс функцияларын түзету;

10-тақырып. Топтық жұмыс нысанында қозғалыс функцияларын түзету;

11-тақырып. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке түзету-дамыту бағдарламасын құрастыру технологиясы;

12-тақырып. Мамандар қызметіндегі жалпы құжаттаманы құрастыру және жүргізу;

13-тақырып. Балалардағы әртүрлі бұзылыстарды түзету кезінде заманауи жабдықтарды пайдалану;

14-тақырып. Өмір сүру мен денсаулықтың қызмет етуінің, шектеулерінің халықаралық жіктемесін (ҚХЖ) қолдану;

15-тақырып. Адаптивті дене шынықтыруда қолданылатын сенсорлық интеграция әдістері;

16-тақырып. «АВА-терапия» әдісі;

17-тақырып. Қимыл-қозғалысында күрделі бұзылыстары бар балаларға арналған адаптивті дене шынықтыру;

18-тақырып. Нейро-сенсомоторлық интеграция. Шартсыз рефлексстер және олардың сенсорлық интеграциямен өзара байланысы.

«Бағдарламаның тақырыптық мазмұны» бөлімі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен адаптивті дене шынықтыруды және түзете-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың заманауи тәсілін көрсетеді. Бағдарламаның жаңашылдығы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасын халықаралық тәжірибелермен ықпалдастыруында, Өмір сүру мен денсаулықтың қызмет етуінің, шектеулерінің халықаралық жіктемесін (ҚХЖ) командалық бағалау мен дене тәрбиесі және түзете-дамыту сабақтарын жоспарлаудың негізі ретінде қолдануында, сондай-ақ адаптивті дене шынықтыру нұсқаушылары мен дене шынықтыру мұғалімдерінің қызметіндегі басқарушылық, әдістемелік және практикалық аспектілерді кешенді қарастыруында көрініс табады.

Қолданыстағы біліктілікті арттыру бағдарламаларын талдау олардың басым көпшілігі жекелеген дене шынықтыру немесе сауықтыру әдістемелеріне негізделіп, сабақтарды жүйелі ұйымдастыру, құжаттаманы жүргізу, түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігін мониторингілеу және отбасын сүйемелдеу мәселелерін толық қамтымайтынын көрсетеді. Ал осы Бағдарламаның аналогтарынан айырмашылығы – пәнаралық және практикаға бағытталған сипатта болып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуде дене шынықтыру, түзету, психологиялық-педагогикалық және басқарушылық тәсілдерді өзара үйлестіреді.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

1) Бағдарламаның мақсаты – арнайы, кіріктірілген және инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен түзете-дамыту және оңалту жұмыстарын ұйымдастыру мен іске асыру саласында адаптивті дене шынықтыру мұғалімдері мен арнайы білім беру жүйесіндегі дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін заманауи психологиялық-педагогикалық, оңалту және технологиялық тәсілдер негізінде арттыру болып табылады.

2) Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Бағдарлама келесі міндеттерді шешуді көздейді:

1) Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған адаптивті дене шынықтыруды және кешенді оңалтуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздері туралы тыңдаушылардың жан-жақты түсінігін қалыптастыру;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың клиникалық, психологиялық-педагогикалық және биомеханикалық ерекшеліктері жөніндегі білімін тереңдету;

3) қозғалыс бұзылыстарының әртүрлі нысандары бар балалардың қозғалыс функцияларын тексеру және бағалау әдістерін меңгеру;

4) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қозғалыс функцияларын түзету бойынша практикалық біліктерін қалыптастыру;

5) әртүрлі бұзылыстары бар балаларға арналған жеке түзете-дамыту бағдарламаларын жоспарлау, іске асыру және олардың тиімділігін бағалау саласындағы құзыреттерін дамыту;

6) заманауи түзету технологияларын, адаптивті дене шынықтыру әдістерін, сондай-ақ адаптивті жабдықтарды іріктеу және қолдану тәсілдерін меңгерту;

7) түзету-дамыту және оңалту жұмыстарының практикасында Өмір сүру мен денсаулықтың қызмет етуінің, шектеулерінің халықаралық жіктемесін (ҚХЖ) қолдану дағдыларын қалыптастыру;

8) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі мамандарымен және балалардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) пәнаралық өзара іс-қимылға кәсіби дайындықты дамыту.

8. Оқу нәтижелері (күтілетін нәтижелер). Тыңдаушылар:

1) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған адаптивті дене шынықтыруды және түзету көмегін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық негіздерін;

2) әртүрлі бұзылыстары бар балалардың клиникалық және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін;

3) қозғалыс бұзылыстарының әртүрлі нысандарындағы қозғалыстың биомеханикалық негіздерін;

4) адаптивті дене шынықтырудың заманауи әдістері мен технологияларын **біледі**.

1) балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, қозғалыс функцияларын тексереді және бағалай алады;

2) әртүрлі бұзылыстар кезіндегі қозғалыс функцияларын түзетуді жоспарлау және іске асыра алады;

3) жеке түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлейді және жүзеге асыра алады;

4) заманауи түзету технологияларын, сенсорлық интеграция әдістерін, АВА-терапияны қолдана алады;

5) баланың қажеттіліктеріне сәйкес жабдықтар мен құралдарды іріктеу және **пайдалана алады**.

1) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуде адаптивті дене шынықтыру әдісін практикалық қолдану дағдыларын;

2) құжаттаманы жүргізу және балалардың қозғалыс дамуы динамикасын бағалау технологияларын;

3) баланың функционалдық мүмкіндіктері мен тіршілік әрекетінің шектеулерін айқындау үшін Өмір сүру мен денсаулықтың қызмет етуінің, шектеулерінің халықаралық жіктемесін (ҚХЖ) қолдану дағдыларын;

4) педагогтермен, сүйемелдеу қызметі мамандарымен және ата-аналармен (заңды өкілдермен) кәсіби өзара іс-қимыл тәсілдерін **меңгереді**.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

9. Біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасы модульдік қағидат бойынша құрылымдалған және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен түзету-дамыту және оңалту жұмыстарын жүзеге асыратын мамандардың кәсіби құзыреттерін кезең-кезеңімен қалыптастыруды қамтамасыз ететін өзара байланысты 5 модульді қамтиды.

10. Нормативтік-құқықтық модуль (4 сағат)

Модуль Қазақстан Республикасында даму мүмкіндігі шектеулі балаларға кешенді оңалту және түзете-дамыту көмегін көрсетудің нормативтік-құқықтық негіздері туралы тыңдаушыларда түсінік қалыптастыруға бағытталған.

11. Психологиялық-педагогикалық модуль (16 сағат)

Модуль түзете-дамыту жұмыстарын жоспарлаудың негізі ретінде әртүрлі бұзылыстары бар балалардың клиникалық, психологиялық-педагогикалық және биомеханикалық ерекшеліктерін зерделеуге бағытталған.

12. Мазмұндық модуль (30 сағат)

Модуль әртүрлі бұзылыстары бар балалардың қозғалыс функцияларын диагностикалау және түзету бойынша практикалық құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

13. Технологиялық модуль (8 сағат)

Модуль ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін мамандардың түзете-дамыту қызметін жоспарлау, іске асыру және құжаттамалық сүйемелдеу технологияларын меңгеруге бағытталған.

14. Вариативтік модуль (22 сағат)

Модуль адаптивті дене шынықтыру практикасында қолданылатын заманауи және вариативті әдістерді, технологияларды, сондай-ақ жабдықтар мен инвентарды қолдануды меңгеруге бағытталған.

6. Оқу үдерісін ұйымдастыру

15. Бағдарлама бойынша курстық оқытудың ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

16. Біліктілікті арттыру курстары оқытудың келесі нысандарында ұйымдастырылады: күндізгі, қашықтан және аралас оқыту. Аралас оқыту 2 кезеңде жүзеге асырылады: қашықтан оқыту – 40 сағат, күндізгі оқыту – 40 сағат.

17. Білім беру үдерісі оқытудың әртүрлі нысандары мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, өзіндік практикалық жұмыс (баланың дамуын, оның ҚХЖ аясындағы белсенділігі мен қатысуын бағалау, ерекше білім беру қажеттіліктерін айқындау, әртүрлі даму бұзылыстары бар балаларға арналған жеке-дамыту бағдарламаларын құрастыру), топтық практикалық жұмыс (баланы педагогикалық тексеру жүргізу), шеберлік сыныбы және кейс-әдіс (жеке және шағын топтағы дамыту сабақтарының жоспарларын әзірлеу, ата-аналарды дамыту үдерісіне тартудың әдістері мен нысандарын айқындау),

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға көмек көрсету мәселелері бойынша ұжымдық тренинг.

18. Адаптивті дене шынықтыру мұғалімдерінің Бағдарлама мазмұнын терең түсіну деңгейін арттыру мақсатында келесілер көзделеді: әрбір дәрістен кейін өзіндік бақылауға арналған сұрақтарға жауап беру түріндегі кері байланыс; әртүрлі санаттағы балаларды тексеру және дамыту сабақтарын өткізу бойынша бейнематериалдарды көрсету; өзіндік практикалық жұмыстардың нәтижелерін бірлесіп талқылау; топтық жұмыстарды кеңінен қолдану және олардың нәтижелерін ұсыну, талқылау және рефлексия жүргізу; командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған тренинг өткізу.

3) Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

19. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі мыналарды қамтиды:

1) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасын;
2) тексеру нәтижелерін талдауға және пәнаралық командалық бағалауға арналған таратпа материалдарды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасы негізінде жеке-дамыту бағдарламасын құрастыру үдерісін иллюстрациялайтын таратпа материалдарды;

3) адаптивті дене шынықтыру мұғалімі мен дене шынықтыру мұғалімінің қызметін ұйымдастыратын және олардың жұмысының мазмұнын ашатын құжаттама пакетін: түзету сабақтарының жоспары; психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету шеңберіндегі көмек түрлері және олардың мазмұнын ашатын құжаттар; жеке-дамыту бағдарламалары; түзету сабақтарының басындағы баланың жағдайы (баланың сипаттамасы); түзету-дамыту бағдарламасының мазмұны: дамыту жұмысының бағыттары; дамыту жұмысының әдістері, әдістемелері, тәсілдері мен құралдарын;

4) әртүрлі бұзылыстары бар балаларға арналған жеке-дамыту бағдарламаларының үлгілерін;

5) тыңдаушылармен кері байланыс парақтары, қорытынды бақылау материалдары және өзіндік жұмыстарға арналған материалдарды.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

20. Тыңдаушылардың білімін бағалау және дағдылардың қалыптасуын бақылау мақсатында экспресс-сауалнамалар, өзіндік жұмыстар және қорытынды бақылау жұмысы жүргізіледі. Өзіндік және бақылау жұмыстарына арналған тапсырмалар, кері байланысқа арналған сауалнама парақтары, тест тапсырмалары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

21. Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау ағымдық және қорытынды бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Формативті бағалау аралық бақылау және білім мен дағдыларды түзету үшін қолданылады. Ол әрбір тақырып бойынша негізгі сұрақтарға ауызша немесе жазбаша жауап беру (өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар), сондай-ақ практикалық тапсырмаларды орындау түрінде іске асырылады. Тапсырмаларды орындау барысында тыңдаушыларға топтық форматта және жеке сұраныстар бойынша кеңес беру қамтамасыз етіледі. Лектор тапсырмалардың орындалуын кестеге сәйкес қадағалайды және тыңдаушы жұмысының сапасын жақсарту жолдарын көрсете отырып, толық кері байланыс береді.

Бағалау әр тақырып бойынша ашық сұрақтарға жауап беру арқылы жүргізіледі, бұл курста алынған ақпаратты түсіну деңгейін және терминологияны дұрыс қолдануды бақылауға мүмкіндік береді. Оқу жетістіктерін бағалау үшін әрбір модульде оқытылатын тақырыпқа 2 сұрақтан тұратын ашық сұрақтар банкі әзірленген. Әрбір сұрақта тексеру және өзін-өзі тексеру үшін эталондық жауап бар. Жауаптың дұрыстығы мен толықтығы бағаланады: дұрыс емес жауап – 0 балл, толық емес жауап – 1 балл, дұрыс әрі толық жауап – 2 балл. Қорытынды бақылау жұмысы кемінде 20 балл (50 %) жинаған жағдайда есептеледі.

Қорытынды бақылау жұмысының орындалуы келесі критерийлер бойынша бағаланады: орындалмаған (дұрыс жауаптар ұсынылмаған), ішінара орындалған (дұрыс жауаптар 50 %-дан аз), орта деңгейден жоғары орындалған (дұрыс жауаптар 50 %-дан 70 %-ға дейін), толық орындалған (дұрыс жауаптар 70–100 %). Қорытынды тестілеуден өту және біліктілікті арттыру курсы аяқтау үшін кемінде 70 % дұрыс жауап жинау қажет. Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері негізінде курстан кейінгі сүйемелдеу кезеңінде өткізілетін консультациялардың мазмұны жоспарланады.

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

22. Тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеуді іске асыру нысандары:

1) курстан кейінгі практикада педагогтің кәсіби құзыреттерін дамытудың жеке траекториясы жоспарын құрастыру (курс аяқталатын соңғы күні «Курстан кейінгі практикада педагогтің кәсіби құзыреттерін дамытудың жеке траекториясын жоспарлауға арналған іс-шаралар тізбесі» негізінде жасалады және оқытушымен келісіліп бекітіледі);

2) курс барысында алынған ақпаратты жеке практикасында енгізу нәтижелерін таныстыруға арналған вебинарлар;

3) жеке және топтық онлайн-консультациялар;

4) мәтіндік және бейнематериалдарды пайдалана отырып, әдістемелік сүйемелдеу;

5) жеке практиканың өзгеру нәтижелері мен сабақты зерттеу қорытындылары бойынша дөңгелек үстел ұйымдастыру.

Тыңдаушыларды курстан кейінгі сүйемелдеуді жүзеге асыру үшін Zoom платформасын, электрондық поштаны, мобильді байланысты және әлеуметтік желілерді пайдалану жоспарланады.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

23. Курс бойынша негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары (Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы).

2. Бадалян Л.О. Детская невропатология. 1982 г. Москва.

3. Качесов В.А., Основы интенсивной реабилитации. ДЦП. Санкт-Петербург, 2005 год.

4. Исанова В.А., Методическое пособие. Нейрореабилитация. Л.А.Цукурова, Казань, 2011 год.

5. Применение ортезов и сплинтов, дофузов-инновационного метода в нейрореабилитации. Методические рекомендации. Национальный медицинский холдинг. Республиканский детский реабилитационный центр. 2017, Астана,

6. Компенсаторлық, техникалық және көмекші құралдардың тізбесі. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 284 бұйрығымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 маусымда № 32984 болып тіркелген.

7. Учебно-методическое пособие. РГКП Алматинский институт усовершенствования врачей. Клиника и диагностика детского церебрального паралича. Алматы, 2015 год.

8. Финни Н. Р. Ребёнок с церебральным параличом: помощь, уход, развитие. – Москва, 2015.

9. Боголюбов В. М., Пономаренко Г. Н. Общая физиотерапия. – Москва; Санкт-Петербург, 1998.

10. Васичкин В. И. Справочник по массажу. – Санкт-Петербург: Медицина, 1991.

11. Абрашина Н. А. Лечебный массаж для детей с нарушениями развития. – Москва, 2001.

12. Семёнова К. А. Лечение двигательных расстройств при детских церебральных параличах. – Москва: Медицина, 1976. –185 с.: ил.

13. Мастюкова Е. М. Ребёнок с отклонениями в развитии: ранняя диагностика и коррекция. – Москва: Просвещение, 1992. – 95 с.

24. Курс бойынша қосымша әдебиеттер:

1. Глен Доман. Что делать, если у вашего ребёнка повреждение мозга. 2007 г.

2. Гребова Л. П. Лечебная физическая культура при нарушениях опорно-двигательного аппарата у детей и подростков: учеб. пособие. – М.: Издательский центр «Академия», 2006.

3. Мачек М., Штефанова И., Швейцарова Б. Лечебная физкультура при детских болезнях. – М.: Медицина, 1964 г.

4. Соколова Н. Г. Практическое руководство по детской лечебной физкультуре. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2007.

5. Фонарев М. И. (под ред.). Справочник по детской лечебной физкультуре. – Л.: Медицина, 1983.

6. Епифанов В. А. Лечебная физическая культура: учебное пособие / В. А. Епифанов. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2006.

Епифанов В. А. Лечебная физическая культура и массаж [Текст]: учеб. пособие. – 2-е изд., перераб. и доп. — М., 2006.

7. Лечебная физкультура и массаж: методики оздоровления детей дошкольного и младшего школьного возраста [Текст]: практ. пособие / Г. В. Каштанова [и др.]; под общ. ред. Г. В. Каштановой. – М., 2006.

8. Сулейменова Р. А., Токарева А. С. Реабилитация больных детским церебральным параличом средствами лечебной физической культуры. – Алматы, 2015 г.

9. Цукер М. Б. Клиническая невропатология детского возраста. – М.: Медицина, 1978 г.

10. Болезни нервной системы: руководство для врачей / под ред. проф. П. В. Мельничука. – М.: Медицина, 1982 г.

11. Михеев В. В., Мельничук П. В. Нервные болезни. – М.: Медицина, 1981 г.

12. Диагностика нарушений психофизического развития в ПМПК: справочно-методическое руководство / А. К. Ерсарина, Р. К. Айтжанова [и др.]. – Алматы, 2006 г.

13. Бадалян Л. О. Детская неврология. – М.: Медицина, 1975 г.

14. Никифоров А. С., Коновалов А. Н. Клиническая неврология. – М.: Медицина, 2004 г.

15. Энциклопедия детского невролога / под ред. проф. Г. Г. Шанько. – Минск: Белорусская энциклопедия, 1993 г.

16. Диагностика и лечение заболеваний нервной системы у детей: справочное пособие. – Алматы: МЗ РК – АГИУВ, 2009 г.

17. Горелик В. В., Филиппова С. Н., Беляев В. С., Карлова Е. В. Эффективность тренажёрной технологии визуализации образов в игровой деятельности для двигательной реабилитации детей с детским церебральным параличом. – 2019 г.

18. Селезнева Т. Лечебная физкультура. – 17 мая 2023 г.

19. Куранова Л. Б., Херодинов Б. И. Современные методы реабилитации детей с детским церебральным параличом. – 2019 г.